

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Банктерге өнім инновацияларын іске қосу үшін үнемі жаңа идеяларды іздестіруі, жасауы керек. Трендтерден хабардар болу және тұтынушылардың қажеттіліктерін түсіну коммерциялық әлеуеті бар сәйкес идеяларды қалыптастырудың маңызды факторлары болып табылады. Бұл жерде нарыққа жаңа өнімдерді шығару жылдамдығы да маңызды: банк жаңа сапалы өнімдерді неғұрлым тез шығарса, соғұрлым ол бәсекелестік артықшылықтарға ие болады. Жаңа дағдыларды қолдану және дамыту қажеттілігі тәуекелдерге толы, бірақ ұзақ мерзімді перспективада пайданың өсуіне және бәсекеге қабілеттілігі артады.

Қорытынды. Қорыта келгенде, ұсынылған модель көмегімен жүргізілген трансформацияның банк пайдасына әсерін бағалау банктің ішкі деректерін жан-жақты талдауды талап етеді. Сауалнама негізінде цифрлық ұсыныстардан қанша нақты клиент келгенін, олар қандай пайыздық кірістер мен шығыстарды әкелгенін, осы несиелерді беру үшін қандай резерв бөлінгенін және т.б. білуге болады. Дегенмен, біз осы трансформацияның банктік қызметке оң әсерін тигізетінін және пайданың артуына әкелетінін болжай аламыз.

Әдебиет:

1. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының ресми сайты.-<https://digitalkz.kz/> (қорға жүгінген күн: 10.05.2022 ж.)
2. Strategic choices for banks in the digital age. - <https://www.mckinsey.com/industries/financial-services/our-insights/strategic-choices-for-banks-in-the-digital-age> (қорға жүгінген күн: 10.05.2022 ж.)

ӘОЖ 33

ҰЛТТЫҚ БӘСЕКЕГЕҚАБЫЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БІЛІМ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Зәмірбекқызы М.

*докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zamirbekkyzy_m@kst.nis.edu.kz*

Бұлақбай Ж. М.

*э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аңдатпа. Аталған мақалада Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін қаржыландыру негізінде елдің ұлттық бәсекегеқабылеттілігін арттыруға болатындығына назар аударылады. Білім беру жүйесінің барлық сатысының өз ерекшеліктеріне сәйкес анықталатын көрсеткіштер негізінде адами даму индексі, білім алушылар мен мекемелер саны, білім саласына жұмылдырылған қаражат пен оның ЖІӨ үлесі, сонымен бірге жан басына шаққандағы ЖІӨ секілді көрсеткіштер негізінде талдау жүргізіледі. Көрсетілген көрсеткіштер ұлттың бәсекегеқабылеттілігін арттыруға негіз бола алатындығын зерттеу әдіснамасы негізінде жүргізілген талқылаулар арқылы айқындауға болады.

Кілт сөздер: бәсекегеқабылеттілік, білім саласы, қаржыландыру, экономикалық өсу, еңбек нарығы.

Кіріспе. Ұлттық бәсекегеқабылеттілік – бұл елдің экономиканың тұрақты өсуіне ықпал ету мүмкіндігі болып табылғандықтан бәсекегеқабылеттілік деңгейі мен адамдардың әл-ауқаттылығы арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Бірінші көрсеткіш жоғары болған сайын, ол екінші көрсеткіштің жоғарылуына ықпал ететіндігін түсінуге болады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің бәсекегеқабылеттілін басты бағалау Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекегеқабылеттілік индексінің нәтижелеріне сәйкес (*Кейіннен-ДЭФ ЖБИ*) жүзеге асырылады. Халықаралық деңгейде мақұлданған ДЭФ ЖБИ ұсынылатын 14

көрсеткіш негізінде бәсекегеқабылеттіліктің 12 факторы анықталады, соның ішінде бастауыш және жоғары білім, кәсіптік оқыту, еңбек нарығының тиімділігі секілді білім саласына қатысты рейтингтер негізінде қарастырылады [1]. Бәсекегеқабылеттіліктің басты факторлары ретінде білім саласын қоғамдағы жоғары құндылық ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының басты басымдықтары 2030 жылға дейінгі БҰҰ мүше елдермен бекітілген тұрақты даму мақсаттарына (*Кейіннен-ТДМ 4*) сәйкес өмір бойы барлық азаматқа сапалы білім беру мен оқыту мүмкіндігін ынталандыруға тырысады [2].

Зерттеу мақсаты – білім саласын тиімді қаржыландыру негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық бәсекегеқабылеттілігін арттырудың ең ұтымды жолы екенін түсіндіру.

Қазақстанның мемлекеттік білім саласындағы құжаттарын талдау келе, жоғары сапалы және құзыреттілігі мол дағдылары бар адами капиталды дамытуға бағытталған инновациялық және инклюзивті даму негізінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру кезеңінде екенін көрсетеді. Өйткені еліміздегі халық санының есебіне келетін болсақ, 1991 жылы халық саны 16 451 700 құраса, 2020 жылы 18 879 600 құраған болатын. Бұл өз кезегінде адам санының артуымен, оған сапалы білім мен көрсетілетін медициналық қызметтің сапасының жоғары болғанын қажет етеді. Себебі халықтың табиғи өсуі 2008 жылдан бастап қарқынды түрде өсуде. ҚР қолайлы экономикалық жағдайлар елдегі демографиялық ахуалдың жақсаруының себебі болып табылады.

Эндогенді өсу теориясына сәйкес білім мен адам капиталын арттыру физикалық капиталды қолданудың тиімділігін арттырады, ол өз кезегінде жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің (Кейіннен-ЖІӨ) артуына алып келеді. Дамыған елдерде экономикалық өсуге жоғары білім саласына жұмылдырылған қаражат оң әсерін тигізетін болса, дамушы елдерде мектепке дейінгі және мектептегі білім беру оң нәтижесін беретінін байқауға болады.

Білім беру бұл қоғамдағы өзара әрекет ету үшін қажетті білім мен дағдыларды тасымалдауға жұмсалатын кеңістік пен үрдіс болып табылады. Бір жағынан, білім беру жүйесі бұл мемлекеттің міндеттерін әртүрлі салаларда (экономика, саясат, мәдениет, даму және т.с.с.) орындау үшін жұмсалатын құрал болып табылса, ал екінші жағынан жекелеген адамның даму әдісі деп қарастыруға болады. Білім беру жүйесіне мемлекеттік мекемелер мен бизнес саласы, қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары, ата-аналар да жатқызылады.

Әдебиетке шолу. Альтбах П., Салми Дж. (2011) экономиканың әртараптандырылуы мен жоғары еңбек өнімділігіне қажетті танымал жоғары оқу орындарының болуы ұлттың бәсекегеқабылеттілігінің басты құраушылары болып табылады деген ұстанымы [3] негізінде Қазақстандағы жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингтеріндегі алатын орнына назар аудару қажеттілігі туындайды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында сандық және сапалық зерттеу әдістері негізінде ұлттық бәсекегеқабылеттілікті дамытудағы білім беру жүйесінің Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастапқы мәліметтерге талдау жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Мемлекетпен жүзеге асырылатын саясаттың бір құралы ретінде адами даму индексі (*Кейіннен-АДИ*) болып табылады, ол елдің дамуы үшін адамның мүмкіндіктеріне қатысты бағалауға қажет критерийлерді айқындайды. Рейтингті анықтау барысында адамның құқығы мен азаматтық еркіндігі, қоғамдық өмірге қатысуы мен әлеуметтік қорғалуы, өңірлік және әлеуметтік белсенділігі, ақпаратқа қолжетімділігі және өзгелері қарастырылады. Төмендегі кестеде Қазақстан Республикасының 2010 жылдан бергі 2020 жылға дейінгі аралықтағы АДИ білім берудің жекелеген көрсеткіштерінің қарқыны көрсетіледі.

Кесте 1 – АДИ білім берудің жекелеген индикаторларының қарқыны

Көрсеткіштер	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Адами даму индексі	0,765	0,772	0,781	0,788	0,793	0,797	0,797	0,800	0,800	0,817	0,825

<i>1- Кестенің жалғасы</i>											
Өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы, жыл оның ішінде:	68,45	68,69	69,52	70,62	71,44	71,97	72,41	72,95	73,15	73,18	71,37
ер	63,55	63,85	64,74	65,91	66,90	67,49	67,99	68,72	68,84	68,82	67,09
әйел	73,41	73,57	74,29	75,23	75,82	76,26	76,61	76,92	77,19	77,30	75,53
Туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға)	22,53	22,51	22,70	22,73	23,10	22,71	22,52	21,64	21,77	21,73	22,76
Өлудің жалпы коэффициенті (1000 адамға)	8,95	8,72	8,54	8,00	7,65	7,46	7,37	7,15	7,14	7,19	8,60
Бастауыш білімнен кету коэффициенті, %	0,2	0,4	0,7	1,1	1,2	1,0	1,7	0,8	0,8	0,8	0,8
Мектептегі орташа оқу ұзақтығы, жыл	11,4	11,5	11,5	11,6	11,7	11,7	11,7	11,8	11,8	11,8	11,9
Мектептегі болжанған орташа оқу ұзақтығы, жыл	14,4	14,7	15,0	14,9	15,0	15,0	15,0	15,1	15,3	15,4	15,6

Ескерту: [4] негізінде автормен әзірленген

Кесте 2 – Білім беру саласындағы мекемелер мен білім алушылардың саны

Көрсеткіштер/жылдар	1991	1995	2000	2005	2010	2015	2020
Мектепке дейінгі мекемелер саны	8 881	5 058	1 089	1 179	4 781	8834	10 650
Мектепке дейінгі мекемелерде білім алып жатқан балалардың саны	1023,1	407,2	133,2	185,4	390,8	758,8	885
Мектеп саны	8575	8732	8309	8157	7755	7511	7 440
Мектепте білім алып жатқан оқушылардың саны	3147,4	3059,8	3247,4	2824,6	2531,0	2799,6	3481,3
Колледж саны	244	262	293	415	494	780	737
Колледжде білім алып жатқандар саны	238 253	200 415	168 189	397 631	490 997	498 965	474539
Жоғары оқу орындарының саны	61	112	170	181	149	127	125
Жоғары оқу орындарында білім алып жатқандар саны	288,4	272,7	440,7	775,8	620,4	459,4	576,6


Ескерту: [4] негізінде автормен әзірленген

Жоғарыдағы 2-кестеде еліміздегі білім беру саласында қызмет ететін мекемелердің санын және онда білім алып жатқан адамдардың саны қарастырылады. 2020 жылғы көрсеткі бойынша орта білім мектепте білім алып жатқан оқушылар санының көптігі және мектептер санының аз болуы еліміздегі үш ауысымды мектептер санының әлі де бар болуымен көрінеді. Бұл өз кезегінде білім сапасы көрсеткішінің төмендігі, сонымен бірге халықаралық зерттеулердегі оқушылардың кейбір көрсеткіштер бойынша әлі де төмен болуына, мұғалімдердің жеткіліксіздігі, қала мен ауыл арасындағы арақатынастың алшақ болуына алып келуде.

Төмендегі 1- суреттен 2016 жыл (4,7%) соңғы жылдармен салыстырғанда ең жоғарғы көрсеткішке жеткенімен, дамыған елдерде білім саласына бөлінетін қаражат үлесі бойынша төмен екендігін байқауға болады. Білім сапасын арттыру үшін ЭЫДҰ ұсынысы бойынша білім саласына жұмылдырылатын қаражат ЖІӨ 5-6% құрауы керек [4].

Білім саласына жұмылдырылатын шығындардың жалпы құрылымында халықтың мектепке дейінгі және жоғары білім салаларына шығыны артады. Бастауыш және орта білімге 1 % төмен шығын жұмсалады.

ҚР білім саласына жұмылдырылған қаражатты талдай келе, 2020 жылы өткен жылдармен салыстырғанда «орта білім» (7,6%) мен «біліктілікті арттыру мен қайта даярлау» (0,5%) бағыттары бойынша шығынның артқаны байқалады. Шетедік тәжірибе негізінде мектепке дейінгі білім беруге инвестицияны жұмылдыру, өз кезегінде ұлттық бәсекегеқабылеттілігінің артуына негіз болады делінеді.



Сурет 1 – ҚР ЖІӨ есептегендегі білім саласына кеткен шығындары

Ескерту: [4] негізінде автормен әзірленген

Қазақстанның білім беру жүйесінде халықты қайта даярлау мен қайта оқыту жүйелерін үйлестіру, сонымен бірге білім беру мектептері мен еңбек нарығы арасындағы балансқа жету бойынша қадамдар тәуелсіздік алған жылдардан бастап атқарылып келеді. 2013 жылдан бастап елімізде 15 жастан асқан азаматтардан бастап экономикалық белсенді халықтың саны артып келеді. Бұл білім беру қызметінің сапасының күшейтілуімен еңбек нарығындағы қажеттіліктердің қанағаттандырылуымен байланысты. Елдегі экономикалық белсенді халықтың 62% жоғары білім мен орта кәсіби біліммен қамтамасыз етілген. Білім деңгейінің көрсеткіші ол жұмыспен қамтылумен тура тәуелді болғандықтан, білім деңгейінің ұлғаюы өз кезегінде жұмыспен қамтылудың артуы мен жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

2-суретте білім саласына жұмылдырылған қаражат 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін 23,4%-ға артып келсе, 2020 жылы орташа жылдық өсім 17,8% құраған болатын.



Сурет 2 – Қазақстанның 2010-2019 жылдар аралығындағы жан басына шаққандағы ЖІӨ

Ескерту: [3] негізінде автормен әзірленген

Қорытынды. Осылайша келешекте еліміздегі саясат ұлттық бәсекеқабылеттілікті арттыру үшін адами даму индексінің көрсеткіштерінің дамуына, соның ішінде өмір сүру ұзақтығы мен өмір сүру деңгейінің артуы үшін білім және денсаулықты сақтау салаларына қаржылық қолдау танытқаны жөн. Ол өз кезегінде келесі ұсыныстарды қажет етеді:

- Адами капиталдың сапасын арттыру;
- Сұраныс пен еңбек нарығының талаптарын үйлестіру;
- Білім беру жүйесін қаржыландыруды әлемдік деңгейдегі қаржыландыруға сәйкес келтіру;
- Жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін арттыру;

Қорытындылай келе, білім беру жүйесінің әрбір саласындағы кемшіліктердің алдын алған жағдайда ғана, еліміздің ұлттық бәсекегеқабылеттілік деңгейі артып, адами капиталдың дамуына серпін беретіні анық.

Әдебиет:

1. The Global Competitiveness Report//<https://www.weforum.org/>, (Қарау уақыты 17.05.2022)
2. United Nations (2015), Global Sustainable Development Report 2015, Division for Sustainable Development, New York, June, <https://sustainabledevelopment.un.org/content/documents/1758GSDR%202015%20Advance%20Unedited%20Version.pdf>
3. Altbach P., Salmi J. (2011) The road to academic excellence: The making of world-class research universities. Washington DC: Directions in Development, The World Bank.
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Ресми сайты: <https://stat.gov.kz/>
5. OECD/World Bank, (2015). OECD Reviews of School Resources: Kazakhstan 2015 (p. 21). Paris, France: OECD Publishing